

2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 маусымдағы № 292 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 шілдеде № 2276 болып тіркелді. Күші жойылды – Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 тамыздағы № 523 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 21.08.2015 №523 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Жамбыл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Үміткен Қапанқызы Наймановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Дәулет

Жамбыл ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 25 маусымдағы
№ 292 қаулысына қосымша

2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі	Мемлекеттік білім беру тапсырысы (орын), оның ішінде қаржыландырылатын	Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын	Бір айға ата-ананың
------------------	--	--	---------------------

№	Мемлекеттік ұйымдар	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен	Жергілікті бюджет есебінен	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	Жергілікті бюджет есебінен (теңге)	Ақы төлеу мөлшері мың (теңге)
1	Балабақшалар (ауыл)	1 215	725	18 500	18 500	4 500
2	Шағын орталықтар (ауыл)	675	200	15 000	15 000	3 500

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК